

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

**№ 1 (2026)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/BGQF1735>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BGQF1758>

**Қ. Құрманбекұлы<sup>1</sup>, \*А. М. Картаева<sup>2</sup>, Б. Н. Бияров<sup>3</sup>**

<sup>1,2,3</sup>С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,

Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.

<sup>1</sup>ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-7885-3525>

<sup>2</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1715-6186>

<sup>3</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9028-6836>

\*e-mail: [kartaeva2011@mail.ru](mailto:kartaeva2011@mail.ru)

## **ӘДЕБИ ТУРИСТІК-ӨЛКЕТАНУДЫ ДАМУДАҒЫ ТОПОНИМДЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ (ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША)**

*Мақалада заман ағымына қарай дамып отырған туризм саласына топонимдердің қосатын үлесі, жасайтын қызметі теориялық тұрғыдан атап көрсетіледі. Топонимдердің қызметі, негізінен, танымдық бағыттағы туризмге қажеттілік тудырып отыр. Белгілі бір аймақты аралауға келген саяхатшы ол өңірдің табиғатын ғана тамашалап кетпейді, оның тарихына, географиясына, жүріп өткен жолдарындағы жер-су аттарына қызығушылық танытады. Туристерге жергілікті жердегі топонимдердің этимологиясын ашып көрсетсе, олардың жер туралы, ел туралы, атау жасауда қолданған тіл байлығы туралы, дүниетанымы мен кәсібі туралы танымдық ақпараттар алып қайтуы анық.*

*Қазақ сияқты көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан елдер әр табиғи нысанның ерекшелігін ескере отырып атау беруге тырысқан. Әр топоним өзі белгілеп тұрған жер бедерін дәл сипаттап, нақты ұғым тудыра алады. Отырықшы елдер сияқты антропонимдерді, саяси, діни атауларды көп қолданбаған. Атау бойындағы кумулятивті түрде жинақталып жатқан мол ақпарат келген саяхатшының танымдық қажеттілігін толық қанағаттандырады деп ойлаймыз. Осы мәселелер мақаланың өзектілігін тудырады.*

*Зерттеудің мақсаты – Шығыс Қазақстан облысында туризмді дамыту үшін қажетті алғышарттардың бірі болып табылатын туристік бағыттарды сипаттап көрсететін кешенді тілдік-танымдық жолнұсқау-анықтамалықты әзірлеу жолдарын көрсету.*

*Өлкеге келген саяхатшыларға бағыт-бағдар беретін шағын буклет жолнұсқаулардан гөрі, олардың танымдық қызығушылығына қажетті кешенді жолнұсқау жасап ұсыну мақаланың жаңалығы болады.*

*Кілтті сөздер: әдеби танымдық туризм, топоним, этимология, кешенді жолнұсқау, саяхатшы, картография, түрлі-түсті фоталар, буклет.*

## **Кіріспе**

Қазіргі заманда әлемдегі әрбір ел туризмге үлкен мән беріп, назар аудара бастады. Оның себебі туризм дүниежүзілік экономикада басты табыс көздерінің біріне айналуға. Атап айтқанда туризмнен түсетін табыс көлемі мұнай өнімдері мен автомобиль өндірісінен кейінгі үшінші орынға көтерілді [1]. Сондықтан кез келген мемлекет туризмді дамытуға мүдделі болып отыр.

Қазақстан республикасы да әлемдік туристік нарықта өз орнын анықтауға ұмтылыс жасауда. Халықаралық инвестиция тартуға, тұрғылықты адамдарды жұмыспен қамтамасыз етуге еліміздің де, жеріміздің де әлеуеті жеткілікті. «Экономиканың маңызды саласы саналатын туризм әзірге тиімді болмай тұр. Бұл – Үкімет пен әкімдіктердің жіберген кемшілігі. Соңғы төрт жылда экономика құрылымындағы туризмнің үлесі 3,7 пайыздан 3,2 пайызға дейін азайып кетті. Бұл әлемдегі орташа көрсеткіштен үш есе төмен. Бұған қоса, аталған көрсеткіш бойынша біз климаты мен мәдениеті ұқсас көрші елдерге де есе жіберіп отырмыз. Туризм саласы қарқынды түрде даму үшін шұғыл әрі жүйелі шаралар қабылдау қажет екені анық», – деді президент Қасым-Жомарт Тоқаев [2].

Қазақстанда туризмді дамытуға Шығыс Қазақстан облысы өз үлесін қоса алады. Бұл аймақ өзінің тарихи, табиғи, мәдени ерекшеліктерімен әлем жұртшылығын қызықтырып отырғаны жасырын емес. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев 2024 жылғы Жолдауында Шығыс Қазақстан облысында туризмді дамыту қажеттігін айта келіп, Катонқарағай және Зайсан аудандарын туристік аймаққа жатқызды. Бұл екі ауданға саяхатшыларды тарту үшін, арнайы әуежай салуға тапсырма берді [2].

Туризмнің көптеген түрлері бар: демалу мақсатты туризм, мәдениетті зерттеу мақсатты туризм, қоғамдық туризм, спорттық туризм, экономикалық туризм, конгрестік (саяси) туризм т.б. Біздің ғылыми мақала осылардың ішінен мәдениетті зерттеу мақсатындағы туризм мәселелеріне арналады. Мәдениеттік туризм, өз ішінде, діни [3] және танымдық [4] болып екі түрге бөлінсе, біз қарастыратын сала танымдық туризмге жатады. «Танымдық туризм: туристерге жаңа білім алуға және танымдық мүмкіндіктерін кеңейтуге, жан-жақты дамуға бағытталған туризмнің түрі» [5, 8-6.] «Әдеби

туризм» - әдеби шығармаларда сипатталған жерлерге барумен, сондай-ақ осы шығармалардың авторларының шығармашылығымен танысатын мәдени туризмнің бір түрі» [6, 3-б.].

Облысымызға алыс-жақын шетелден, ішкі өңірлерден келіп жатқан, болашақта келетін жаһангездер серуендеу, саяхаттау, демалу, көңіл көтеру, тәуекелдер іздеу мақсаттарын көздегенімен, сол өңірдің тарихы мен мәдениетіне, географиялық жағдайына да назар аударатыны анық. Алайда оларға арналған арнайы туристік бағыттар, өлке туралы, жол туралы, ел туралы мәлімет беретін кешенді жолнұсқау жасалмаған (тек буклет түрінде істелген шағын бірді-екілі маршруттарды ескермегенде). Біздің ғылыми жұмыс танымдық туризмдегі осындай бір олқылықтың орнын толтыру мақсатын көздейді. Атап айтқанда, сызылған туристік маршруттар бойында көрсетілетін табиғи нысан, елді мекен атауларының (топонимдердің) этимологиясын зерттеп, қысқаша анықтамалар беріп отыру қажеттілігін өтейді. Ол жолнұсқау-анықтамалық келетін саяхатшылардың әртүрлілігіне қарай, үш тілде (қазақша, орысша, ағылшынша) жасалады. Топонимдердің мағынасын ұғу арқылы саяхатшы өлкеміздің тарихын, автохтонды тұрғындарын, жер бедерін, тіл байлығын, дүниетанымын түсінетін болады.

### **Материалдар мен әдістер**

Зерттеу барысында Шығыс Қазақстанның ең маңызды және негізгі деген туристік бағыттарын анықтау кезінде кешенді зерттеулер мен экспедициялар жүргізіледі. Сол бағыттардың жеке-жеке суретті (иллюстриленген) карталары жасалады. Бағыт бойына орналасқан елді мекен мен географиялық нысандардың атына этимологиялық талдаулар жасалады. Туристік бағыттарға қатысты жер-су аттары, олардың түсіндірме сөздігі мен тарихи мәтіндерді үш тілге аударылады (қазақ, орыс, ағылшын). Жобаның нәтижесінде жарық көретін жолнұсқауды түрлі-түсті фотоальбом түрінде сапалы етіп басып шығару көзделеді.

Мақаланың жазылу барысында сипаттау, талдау сияқты теориялық әдістер және аудару, карта сызу тәрізді қолданбалы әдіс-тәсілдер қолданылды.

### **Нәтижелер мен талқылау**

1. Ономастиканың негізгі қызметі біркелкі нысанды оған ұқсас басқа нысандардан бөліп көрсету екенін барлық ономаст-ғалымдар мойындайды. Алайда бөліп көрсету, ажырату, көбінесе, антропонимге тән қызмет те, бағыт-бағдар беру қызметі топонимге тиесілі болып келеді. Сол себепті топонимнің негізгі қызметін В. А. Никонов «адрестік функция» деп атаған [7, 269-б.]. Алайда кез келген жалқы есімнің бір нысанды белгілейтін таңба екенін ескерсек, оның таңбалық қызметі де маңызды болып есептеледі.

Топонимнің таңбалық, бағыт-бағдар беру қызметтерімен қоса, оның ақпарат беру, сипаттау сияқты семантикалық жағы, басқа жалқы есім

түрлеріне қарағанда, басым болып келеді. Мәселен, қазақ халқы ежелден көшпелі өмір сүргендіктен, жер-су аттары ерекше маңызды факторға айналған. Әр атауда ұлттық дүниетаным, психология, салт-дәстүрдің кумулятивті түрде жинақталып жатуы өз алдына, әр атау жер бедерін өте жоғарғы дәлдікпен белгілеуді мақсат еткен. Атау сол жердің ерекше бір белгісін білдірмесе, көш адасып, мал арып, шаруашылық күйзелуі мүмкін болған. Мәселен, Бөрілі топонимі «бұл жер – бөрі жасырынатын бұта-қарағаны мол, соқпалы жер» деген ескерту-концептісін білдіріп тұруы қажет еді. Құлынембес атауы «оты (құлынембес шөбі), суы мол жер, тойынған құлын енесін ембейді» деген ақпарат-концептісін беріп тұрғаны айқын. Қарасу десе, «бұл жерде қыста қатпайтын жерасты суы бар, мал суаруға қолайлы» дегенді білдіреді.

Топонимнің осы бағыт-бағдар беру мен мағыналық аспектісі танымдық туризмге қызмет ете алады. Белгілі бір маршрутты таңдап, сол бағытпен жүретін жеке саяхатшы немесе саяхатшылар тобы картада таңбаланған жер-су аттарына мән бере бастайды. Ұсынылған туристік бағыттар (маршруттар) бойындағы табиғи нысанның өзіндік ерекшелігі, жер бедері, елді мекеннің тарихы, этномәдени, демалыс нүктелері туралы ақпараттар топонимнің этимологиясынан білініп тұрары сөзсіз.

Ғылыми мақаланың теориялық та, қолданбалылық та маңызы ерекше. Туризмді дамыту үшін, ең алдымен, көрнекті жерлердің картасы сызылып, туристік бағыттар анықталып, біз ұсынып отырғандай жолнұсқаулар жасалуға тиіс. Болашақта жарық көретін анықтамалық өлкемізде туризмді дамытудың алғышарттарының бірі болып табылады. Кейін бұл жобаны кеңейтіп республика көлемін қамтып шығаруға да болады деп ойлаймыз.


Шығыс Қазақстан облысында саяхатшыларды қызықтыратын жерлер аз емес: Батыс Алтай қорығы, Мұзтау, Берел және Шілікті қорымдары, Катонқарағай ұлттық табиғи паркі, Марқакөл қорығы, Зайсан көлі, Қиынкеріш шатқалы, Ақбауыр петроглифтері, Бұқтырма теңізі, Рахманов қайнарлары сияқты ірі-ірі туристік нысандар бар. Бұл аймақтарға Қазақстаннан ғана емес, алыс-жақын шетелдерден көптеген туристер келіп жатады. Жолнұсқау автокөлікпен, атпен, велосипедпен немесе жаяу жүретін туристерге таптырмас анықтамалық бола алады. Қайықпен ағатын су жолы (Бұқтырма-Ертіс-Обь су жүйесі) да жоқ емес.

2. Мақаланың екінші жартысында теория бойынша пайымдалған мақсат, міндеттер іс жүзінде қалай жүзеге асатынын мысалдар арқылы көрсетіледі. Ол үшін қазіргі кезде саяхатшылар жиі келе бастаған Катонқарағай ауданындағы бір туристік бағытты алып қарастырайық.

«Берел қорғандарына» танымдық саяхат (жаяу, велосипедпен, атпен, жеңіл автомобильмен).

Бірінші бағыт: Өрел (Үріл) – Бұқтырма аспа көпірі – Жамбыл ауылы – Сахатушка бұлағы («Эльтур-Восток» шипажайы) – Берел қазбалары (жаяу, велосипедпен, атпен, мотоциклмен, жеңіл автомобильмен).

Екінші бағыт: Өрел (Үріл) – Берел тас жолы – Бұқтырма көпірі – Берел ауылы – Ақбұлқақ (Ақ Берел) көпірі – Берел қазбалары (велосипедпен, мотоциклмен, жеңіл автомобильмен).



1-карта – Берел қорғандарына ұйымдастырылатын танымдық саяхаттың маршруты

1. ӨРЕЛ – елді мекен. Қазақша өр (зат есім) + ел (зат есім) сөздерінен біріккен атау деп айтылып жүр. Шындығында жергілікті тұрғындар бұл ауылды ежелден Үріл деп атайды. Ол моңғол тілінің уруул «ерін» деген сөзінен жасалған [8]. Ауылдың екі еріннің арасы сияқты тар сайға орналасқаны анық

көрініп тұр. Аудандық газет қызметкерлері «өрдегі ел» деген қате пікірге сүйеніп, 1970 жылдары Өрел деп өзгертіп жазған. Дұрыс нұсқасы – Үріл.

ӨРЕЛ – населённый пункт. Считается, что название села образовано от двух казахских слов: өр (возвышенность) и ел (народ), то есть «народ на возвышенности». Однако на самом деле местные жители с давних пор называют это село Үріл. Это слово происходит от монгольского уруул, что означает «губа» [9]. И действительно, село расположено в узкой долине, напоминающей пространство между губами. В 1970-х годах сотрудники районной газеты, опираясь на ошибочное толкование «люди на возвышенности», начали использовать искажённый вариант – Өрел. Однако исторически правильное название – Үріл.

OREL – a settlement.

It is believed that the name of the village is formed from two Kazakh words: өр (elevation) and ел (people), meaning «people on the elevation». However, in reality, the local residents have long called this village Үріл. This word comes from the Mongolian уруул, which means «lip» (Bazylkhan, 1987). Indeed, the village is located in a narrow valley that resembles the space between lips.

In the 1970s, employees of the district newspaper, relying on the mistaken interpretation «people on the elevation», began to use the distorted form — Өрел. However, the historically correct name is Үріл.

2. БҰҚТЫРМА – өзен. Кейбір ғалымдар Бұқтырма гидронимін бұқ + тыр + ма түрінде талдайды да, мағынасын суға түскен нәрсені тастан тасқа соғып, бұқтырып әкететін қасиетінен шығарады [8]. Дұрысында өзен аты орыс тіліне енген көне түркі сөздерін (тюркизмдерді) зерттеген Е. Н. Шипованың сөздігіндегі «Бахтарма-бухтарма» (архаизм.) внутренняя сторона шкуры, прилегающая к телу животного» деген түсініктемеден шығады [10]. Өйткені жаңа сойылған малдың терісін аударып қарағанда, қан тамырларының ізі тарам-тарам болып көрініп тұрады. Бұқтырма өзені де дәл солай сала-салаға бөлініп ағады. Ұқсату арқылы жасалған атаудың түбірі бұқ, бұктеу сөздерінен шығып, кейін жуандаған: Бұқ+тір+ме >Бұқ+тыр+ма.

3. БЕРЕЛ – өзен, елді мекен. Халықтық этимология «бергі ел» деген ұғымға сүйенеді. Ал Берел – алдымен, өзеннің аты (гидроним). Берел өзені басын Мұзтаудан алып, Бұқтырма өзеніне құятын шағын тау өзені. Оның көзге бірден түсетін басты ерекшелігі – суының, әсіресе жазда, сүттей ақ болып ағуы. Суға ақ түс беретін Мұзтаудың ақ балшығы екені анықталған. Сондықтан көне түркі тіліндегі бор (боз) «ақ, сұр» + ел/іл/ыл «өзен», «су» сөздерінен бірігіп жасалған: Борел>Бөрел>Берел «боз, ақ түсті су, өзен». Кейін қазақтар өзен түсінің ерекшелігін сақтай отырып, Ақбұлқак деп атайды: Ақбұлқак < Ақбұлқак «Бұқтырманың мөлдір суын ақ түске айналдырып, бұлғайтын,

лайлайтын өзен» мағынасында қолданады. Саяхатшы-ғалымдар Белая Берель түрінде картаға түсірген.

4. АҚБҰЛҚАҚ – өзен. Көне аты – Берел. Географиялық, саяси карталарда Белая Берель (Ақ Берел) болып белгіленіп жүр. Ақбұлқак гидронимі ақ (сын есім) + бұлғак (туынды зат есім бұлға+қ) «ақ түске бояп, бұлғайтын су» деген мағына береді. Басын Мұзтаудан алатын бұл тау өзені ақ балшықты болғандықтан, Бұқтырмаға қосылғанда, оның суын лайлайды (бұлғайды). Тілдің айтылу заңдылығы бойынша Ақбұлғак/Ақбұлқак болып өзгерген.

5. ЖАМБЫЛ – елді мекен. Көне түркі тілінде жамбыл сөзі «қорған, қамал, там» мағынасын бергенімен, бұл ойконимге қатысы жоқ [11] Ақын Жамбыл Жабаев қайтыс болғанда (1945 ж), Қазақстандағы әр ауданда бір-бір ауылға Жамбыл атауы берілсін деген нұсқау бойынша пайда болған атау. Бұрынғы аты Баянтоғай болған екен.

6. САХАТУШКА – бұлақ, алқап. Сахатушка – орыс тілінен жасалған гидроним. Орыс тілінің сібірлік диалектілерінде, ауызекі тілде бұланды «сохатый» дейді. Оған орыс тілінің кішірейткіш мәнді жұрнағын жалғап, Сохатушка деп атаған. Сохатушка>Сақатушке болып дыбыстық бейімделуге түскен. Мағынасы: «Бұланшық, кішкене бұлан» дегенге келеді. Ал осы бұлақ бастау алатын шағын көл қазақша Бұланды деп аталады. Кейін келген орыс қоныс аударушылары көлдің қазақша атын аударып, кішірейтіп атаған.

Жергілікті тұрғындар таудан құлап ағатын Сахатушка бұлағын Қандысу деп атайды. Бұл бұрын Хансуы деген атау болған деп ойлаймыз, өйткені сақтардың көсемдері жерленген Шілікті мен Берел қорымдарының дәл жанында Қандысу атты екі өзеннің жатуы кездейсоқ емес. Бұл жерлерде сақ көсемдері (хандары) жерленгенін білмеген кейінгі ұрпақтары Қандысу деп ұқса керек.

### **Қаржыландыру туралы ақпарат**

Мақала АР26199899 «Шығыс Қазақстанның әдеби және лингвистикалық туризмінің аймақтық интеграциясы: топонимдердің этимологиясы мен мекендік аңыздарды цифрландыру» атты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен мақсатты бағдарламалық жоба аясында жазылды.

### **Қорытынды**

1. Мақалада топонимдердің танымдық туризмді дамытуға қосатын үлесі мен қызметі нақты мысалдар арқылы теориялық және қолданбалылық тұрғыдан сипатталды. Топонимнің жай ғана таңба емес, толық мағыналы сөзбен тең екені дәлелденді.

2. Зерттеу нәтижесінде жасалатын танымдық-жолнұсқау өлкемізге келген туристерге жолнұсқаушылық әрі анықтамалық қызмет атқарады. Өлкетану тұрғысынан танымдық мол ақпарат бере алады. Ондағы тарихи және мәдени

орындар туралы, жер-су аттарының мағынасы туралы ғылыми мәліметтермен танысады. Сонымен бірге, жаһангез, саяхатшылардың жүретін жолын біліп отыруына, уақытты үнемдеуіне, адасып кетуіне жол бермеуге, қауіпсіздігін сақтауға да көмектеседі.

3. Өлкенің флорасы мен фаунасы туралы жолнұсқадан оқып біліп және табиғатты көзбен көріп салыстыра бағалауға ыңғайлы болады.

5. Жолнұсқау-анықтамалық тек туристерге ғана емес, өлкемізді танып-білуге қызығатын көпшілік қауымға да өз пайдасын тигізе алады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия [Мәтін] / бас ред.Ә. Нысанбаев. – Алматы : ҚЭ Бас редакциясы, 1998. – 720-б.

2 **Тоқасев, Қ. К.** «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» [Электрондық ресурс]. – <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн>

3 **Plegenova, G. B., Berkenova, R. A., Pertaeva, E. K., Myrzakhanova, G. K.** Cultural and cognitive characteristics of toponyms in religious works [Электрондық ресурс]. – <https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php>

4 **Мартьяненко, И. А.** К вопросу о термине «когнитивная топонимика» [Электрондық ресурс]. – <https://cyberleninka.ru/article/n/on-the-term-cognitive-toponymy>

5 Орта білім беру ұйымдарында туристік өлкетану және экологиялық іс әрекеттердің ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұстанымдар [Мәтін]. – Астана : БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 240-б.

6 **Гуров, С. А.** Литературный туризм: систематика и географические тенденции развития / С. А. Гуров, Н. В. Страчкова, М. А. Алексеев Ученые записки Крымского федерального университета имени В.И.Вернадского. География. Геология [Текст]. – 2018. – №4 (70). – С. 3–16.

7 **Суперанская, А. В.** Общая теория имени собственного [Текст]. – М. : Наука, 1973. – 365 с.

8 **Базылхан, Б.** Монғол-қазақ толь (Монғолша-қазақша сөздік) [Мәтін]. – Улаанбаатар-Өлгий, 1987. – 885-б.

9 **Койчубаев, Е.** Краткий толковый словарь топонимов Казахстана [Текст]. – Алма-Ата : Наука, 1974. – 275 с.

10 **Шипова, Е. Н.** Словарь тюркизмов в русском языке [Текст]. – Алма-Ата : Наука, 1976. – 444-б.

11 **Қайыржан, К.** Сөз – сандық : Қазақтың көне сөздері [Мәтін]. – Алматы : Өнер, 2013. – 480-б.

## REFERENCES

- 1 Kazakstan. Ul'tytk enciklopediya [Kazakhstan. National Encyclopedia] [Text] / editor-in-chief A. Nysanbayev. – Almaty : KE Main Editorial Office, 1998. – 720 p.
- 2 **Toqaeв, Q. K.** «Adiletti Qazaqstan: zan men tartip, ekonomikalыk osim, qogamdyq optimism» [«A Just Kazakhstan: Law and Order, Economic Growth, Public Optimism»] [Electronic resource]. – <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн>
- 3 **Tlegenova, G. B., Berkenova, R. A., Pertaeva, E. K., Myrzakhanova, G. K.** Cultural and cognitive characteristics of toponyms in religious works [Electronic resource]. – <https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php>
- 4 **Martylenko, I. A.** K voprosu o termine «kognitivnaya toponimika» [On the issue of the term «cognitive toponymy»] [Electronic resource]. – <https://cyberleninka.ru/article/n/on-the-term-cognitive-toponymy>
- 5 Orta bilim beru uyymdarynda turistik olketanu zhane ekologiyalyk is-areketterdin uyymdastyru boiynsha adistemelik ustanymda [Methodological principles for the organization of tourist local history and environmental activities in secondary educational institutions] [Text]. – Astana : Y. Altynsarin National Academic Theater, 2024. – 240 p.
- 6 **Gurov, S. A., Strachkova, N. V., Alekseenko, M. A.** Literaturnyi turizm: sistematika i geograficheskie tendentsii razvitiya [Literary tourism: systematics and geographical trends of development] / S.A. Gurov, N.V. Strachkova, M. A. Alekseenko Scientific notes of the Crimean Federal University named after V. I. Vernadsky. Geography. Geology [Text]. – 2018. – №4 (70). – P. 3–16.
- 7 **Superanskaya, A. V.** Obshchaya teoriya imeni sobstvennogo [General theory of the name of one's own] [Text]. – Moscow : Nauka, 1973. – 365 p.
- 8 **Bazylkhan, B.** Mongol-qazaq tol (Mongolsha-qazaqsha sozdik) [Mongolian-Kazakh tol (Mongolian-Kazakh dictionary)] [Text]. – Ulaanbaatar-Olgii, 1987. – 885 p.
- 9 **Koichubaev, E.** Kratkii tolkovyi slovar toponimov Kazakhstana [Brief explanatory dictionary of toponyms of Kazakhstan] [Text]. – Alma-Ata : Nauka, 1974. – 275 p.
- 10 **Shipova, E. N.** Slovar tyurkizmov v russkom yazyke [Dictionary of Turkism in Russian] [Text]. – Alma-Ata : Nauka, 1976. – 444 p.
- 11 **Qaiyrzhan, K.** Soz – sandyq: Qazaqtyn kone sozderi [The word is digital: Kazakh ancient words] [Text]. – Almaty : Art, 2013. – 480 p.

14.12.25 ж. баспаға түсті.

10.01.26 ж. түзетулерімен түсті.

16.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

К. Курманбекулы<sup>1</sup>, \*А. М. Картаева<sup>2</sup>, Б. Н. Бияров<sup>3</sup>

<sup>1,2,3</sup>Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова,

Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорск.

Поступило в редакцию 14.12.25.

Поступило с исправлениями 10.01.26.

Принято в печать 16.02.26.

## ТЕОРЕТИКО-МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ОПРЕДЕЛЕНИЯ РОЛИ ТОПОНИМОВ В РАЗВИТИИ ЛИТЕРАТУРНОГО ТУРИСТИЧЕСКОГО КРАЕВЕДЕНИЯ

*В статье с теоретической точки зрения рассматриваются вклад и роль топонимов в развитии стремительно развивающейся отрасли туризма. Особое внимание уделяется значению топонимов в познавательном туризме. Путешественник, посещающий определённый регион, интересуется не только его природой, но и историей, географией, названиями мест, встречающихся на его пути. Если туристу раскрыть этимологию местных топонимов, он получит познавательную информацию о земле, народе, языковом богатстве, мировоззрении и занятиях местного населения.*

*Народы, как, например, казахи, ведущие кочевой образ жизни и занимающиеся животноводством, стремились давать названия природным объектам с учётом их особенностей. Каждый топоним точно отражал рельеф местности и имел конкретное значение. В отличие от оседлых народов, кочевники реже использовали антропонимы, а также политические и религиозные названия. Богатая информация, аккумулируемая в каждом названии, может полностью удовлетворить познавательные интересы туриста. Эти аспекты и определяют актуальность статьи.*

*Цель статьи – обозначить пути разработки комплексного лингвокогнитивного путеводителя-справочника, описывающего туристические маршруты, как одну из важнейших предпосылок для развития туризма в Восточно-Казахстанской области.*

*Новизна статьи заключается в предложении комплексного путеводителя, который, в отличие от обычных буклетов, будет в полной мере удовлетворять познавательные интересы туристов, посещающих регион.*

*Ключевые слова: литературный познавательный туризм, топоним, этимология, комплексный путеводитель, путешественник, картография, цветные фотографии, буклет.*

*K. Kurmanbekuly*<sup>1</sup>, \**A.M. Kartaeva*<sup>2</sup>, *B. N. Biyarov*<sup>3</sup>

<sup>1,2,3</sup>S. Amanzholov East Kazakhstan University,

Republic of Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk.

Received 14.12.25.

Received in revised form 10.01.26.

Accepted for publication 16.02.26.

## **THEORETICAL AND METHODOLOGICAL FOUNDATIONS OF DETERMINING THE ROLE OF TOPONYMS IN THE DEVELOPMENT OF LITERARY TOURISM AND LOCAL HISTORY**

*This article examines, from a theoretical perspective, the contribution and role of toponyms in the rapidly developing field of tourism. Particular attention is paid to the significance of toponyms in cognitive (educational) tourism. A traveler visiting a particular region is interested not only in its natural beauty, but also in its history, geography, and the names of places encountered along the way. When the etymology of local toponyms is revealed to tourists, they gain informative insights about the land, its people, linguistic richness, worldview, and traditional occupations of the local population.*

*Nomadic peoples such as the Kazakhs, who traditionally practiced livestock herding, aimed to name natural objects based on their distinct features. Each toponym accurately described the terrain and conveyed a specific meaning. Unlike sedentary communities, nomadic societies used fewer anthroponyms as well as fewer political or religious names. The wealth of information embedded in each name can fully satisfy the cognitive curiosity of the traveler. These aspects highlight the relevance of the study.*

*The purpose of this article is to outline the development of a comprehensive linguistic and cognitive guidebook that describes tourist routes, serving as one of the key prerequisites for the development of tourism in East Kazakhstan.*

*The novelty of the article lies in the proposal of a comprehensive guidebook which, unlike conventional brochures, is designed to fully meet the cognitive interests of tourists visiting the region.*

*Keywords: literary cognitive tourism, toponym, etymology, comprehensive guidebook, traveler, cartography, color photography, brochure.*

Теруге 16.02.2026 ж. жіберілді. Басуға 27.03.2026 ж. кол койылды.

Электронды баспа

5,46 МБ RAM

Шартты баспа табағы 40,7. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4508

Сдано в набор 16.02.2026 г. Подписано в печать 27.03.2026 г.

Электронное издание

5,46 МБ RAM

Усл. печ. л. 40,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4508

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz